



БҰЙРЫҚ

10.08.2021 № 281

Нұр-Сұлтан қаласы

ПРИКАЗ

город Нур-Султан

«Қазтелерадио» акционерлік қоғамының 2020 жылғы жылдық қаржылық есептілігін, 2020 жылғы таза кірісін бөлу тәртібін бекіту, 2020 жылғы жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау туралы

«Акционерлік қоғамдар туралы» 2003 жылғы 13 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңының 36-бабы 1-тармағының 7) және 8) тармақшаларына, «Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 177-бабы 2-тармағының 3) тармақшасына, «Акциялардың мемлекеттік пакеттеріне дивидендтер мен ұйымдардағы мемлекеттік қатысу үлестеріне кірістер туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 27 наурыздағы № 142 қаулысының 3-тармағына, «Қазтелерадио» акционерлік қоғамы Директорлар кеңесінің бетпе-бет өткізілген отырысының 2021 жылғы 23 маусымдағы № 3 хаттамалық шешіміне және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № КГИП-03-КГ/5931 хатына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Әл-Фараби даңғылы, 118-үй, банктік және өзге де деректемелері: БСН:000540002083, БСК: HSBKKZKX, ЖСК: KZ476010131000079901, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ, КБе 16, «Қазтелерадио» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) қоса беріліп отырған 2020 жылға арналған жылдық қаржылық есептілігі бекітілсін.

2. Қоғамның 101 247 204,85 (бір жүз бір миллион екі жүз қырық жеті мың екі жүз төрт) теңге 85 тиын мөлшеріндегі 2020 жылғы жылдық қаржылық есептілікте көрсетілген таза кірісін бөлу және Қоғамның бір жай акциясына дивиденд мөлшері мынадай тәртіпте айқындалсын:

1) таза кірістің 70% құрайтын 70 873 043,40 (жетпіс миллион сегіз жүз жетпіс үш мың қырық үш) теңге 40 тиын мөлшеріндегі сомасы республикалық бюджет кірісіне дивидендтер төлеуге жіберілсін;

2) таза кірістің 30% құрайтын 30 374 161,45 (отыз миллион үш жүз жетпіс төрт мың бір жүз алпыс бір) теңге 45 тиын мөлшеріндегі сома материалдық-техникалық базаны дамыту және жетілдіру үшін Қоғамның иелігінде қалдырылсын.

3. Бір жай акцияға шаққандағы дивиденд мөлшері 1,21 (бір) теңге 21 тиын (дивидендтерді есептеу күніне Қоғамның жай акцияларының саны – 58 348 215 дана) болып айқындалсын.

4. Қоғамның басқарма төрағасы А.М. Нурумжанов:

1) осы бұйрыққа қол қойылған күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде Қоғамның мемлекеттік акциялар пакетіне дивидендтердің аударылуын қамтамасыз етсін;

2) жылдық қаржылық есептілік бекітілген күннен бастап он жұмыс күні ішінде қаржылық есептіліктің депозитарийін жүргізу үшін ұйымға электрондық есепті жіберуді қамтамасыз етсін;

3) осы бұйрыққа қол қойылған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында Қоғамның 2020 жылға арналған жылдық қаржылық есебін жарияласын.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрінің жетекшілік ететін вице-министріне жүктелсін.

6. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және Қоғамның Жалғыз акционерінің шешімі болып табылады.

Қазақстан Республикасы
Ақпарат және қоғамдық даму
министрінің міндетін атқарушы



С. Егізбаев



БҰЙРЫҚ

10.08.2021 № 281

Нұр-Сұлтан қаласы

ПРИКАЗ

город Нур-Султан

**Об утверждении годовой
финансовой отчетности за 2020
год, порядка распределения
чистого дохода за 2020 год,
принятии решения о выплате
дивидендов по простым акциям
акционерного общества
«Казтелерадио» за 2020 год**

В соответствии с подпунктами 7) и 8) пункта 1 статьи 36 Закона Республики Казахстан от 13 мая 2003 года «Об акционерных обществах», подпунктом 3) пункта 2 статьи 177 Закона Республики Казахстан от 1 марта 2011 года «О государственном имуществе», пунктом 3 постановления Правительства Республики Казахстан от 27 марта 2020 года № 142 «О дивидендах на государственные пакеты акций и доходах на государственные доли участия в организациях», протокольным решением очного заседания Совета директоров акционерного общества «Казтелерадио» от 23 июня 2021 года № 3 и письмом Комитета государственного имущества и приватизации Министерства финансов Республики Казахстан от 5 августа 2021 года № КГИП-03-КГ/5931, **ПРИКАЗЫВАЮ:**

1. Утвердить прилагаемую годовую финансовую отчетность акционерного общества «Казтелерадио» за 2020 год (далее – Общество), местонахождение: Республика Казахстан, город Алматы, пр. Аль-Фараби, зд. 118, банковские и иные реквизиты: БИН: 000540002083, БИК: HSBKKZKX, ИИК: KZ476010131000079901, АО «Народный Банк Казахстана», КБЕ 16.

2. Определить следующий порядок распределения чистого дохода, отраженного в годовой финансовой отчетности Общества за 2020 год в размере 101 247 204,85 (сто один миллион двести сорок семь тысяч двести четыре) тенге 85 тиын и утверждения размера дивиденда на одну простую акцию Общества:

1) сумму в размере 70 873 043,40 (семьдесят миллионов восемьсот семьдесят три тысячи сорок три) тенге 40 тиын, составляющую 70% от чистого дохода направить на оплату дивидендов в доход республиканского бюджета;

2) сумму в размере 30 374 161,45 (тридцать миллионов триста семьдесят четыре тысячи сто шестьдесят один) тенге 45 тиын, составляющую 30% от чистого дохода, оставить в распоряжении Общества на развитие и совершенствование материально-технической базы.

3. Определить размер дивиденда в расчете на одну простую акцию – 1,21 (один) тенге 21 тиын (на дату начисления дивидендов количество акций Общества – 58 348 215 штук).

4. Председателю Правления Общества Нурумжанову А.М.:

1) в течение десяти календарных дней со дня подписания настоящего приказа обеспечить перечисление дивидендов по государственному пакету акций Общества;

2) в течение десяти рабочих дней со дня утверждения годовой финансовой отчетности обеспечить направление электронного отчета в организацию по ведению депозитария финансовой отчетности;

3) в течение тридцати календарных дней со дня подписания настоящего приказа опубликовать в средствах массовой информации годовую финансовую отчетность Общества за 2020 год.

5. Контроль за исполнением настоящего приказа возложить на курирующего вице-министра информации и общественного развития Республики Казахстан.

6. Настоящий приказ вступает в силу со дня его подписания и является решением Единственного акционера Общества.

**Исполняющий обязанности
Министра информации
и общественного развития
Республики Казахстан**



С. Егизбаев